

7 – сынып геометрия 7 – ші сабақ тапсырмалары.

№1. ABC үшбұрышында $AB = 4$ см, $BC = 5$ см, $AC = 6$ см. А, В және С бұрыштарын салыстырыңыз.

№2. Егер үшбұрыштың: 1) екі бұрышы тең; 2) үш бұрышы да тең болса, онда бұл үшбұрыш қалай аталады?

№3. Тең бүйірлі үшбұрыштың бүйір қабырғасы 6 см болса, онда оның табаны 15 см – ге тең болуы мүмкін бе?


№4. Үшбұрыш қабырғаларының қатынасы: 1) 2: 3 : 4; 2) 2: 3: 5 – ке тең болуы мүмкін бе?

№5. Үлкен бұрышы өзге екі бұрышының қосындысынан кіші болатынын үшбұрыштың түрі қандай?

№6. Екі қабырғасының ұзындығы: 1) 2 см және 5 см; 2) 21 см және 9 см; 3) 6 дм және 3 дм болатын тең бүйірлі үшбұрыштың үшінші қабырғасын табыңыз.

№7. D нүктесі ABC үшбұрышының AC қабырғасында жатады және

$\angle C = 108^\circ$, $BD = 4,3$ см, $AB < 6$ см. Егер AB қабырғасының ұзындығы бүтін санмен өрнектелетіні болса, онда AB – ның ұзындығын табыңыз.




1 – сурет

№8. 1 – суретте $AO = BO$, $\angle 1 = \angle 2$. $AC = BC$ теңдігін дәлелдеңіз.

№9. D және E нүктелері ABC үшбұрышының сәйкес AB және BC қабырғаларында жатады және $AD = CE$,

$AE = CD$. ABC үшбұрышы тең бүйірлі болатынын дәлелдеңіз.



2 – сурет

№10. $AD < AB + BC + CD$ теңсіздігін дәлелдеңіз.


(2 – сурет)

№11. Тең бүйірлі үшбұрыштың периметрі 50 см, ал бір қабырғасы 10 см. Оның өзге қабырғаларын табыңыз.

№12. Үшбұрыштың медианасы осы төбеден жүргізілген биіктіктен кіші болмайтынын дәлелдеңіз.


№13. Тең бүйірлі үшбұрыштың периметрі 36 см, екі қабырғасының айырмасы 6 см, ал бір төбесіндегі сыртқы бұрышы сүйір. Үшбұрыш қабырғаларын табыңыз.

№14. Түзу тең бүйірлі үшбұрыштың AB және AC бүйір қабырғаларына сәйкес D және E нүктелерінде, ал BC түзуін F нүктесінде қиып өтеді. $AE > AD$ теңсіздігін дәлелдеңіз (3 – сурет).



3 – сурет

№15. ABC үшбұрышының төбелері оның ішінде жатқан D нүктесімен кесінділер арқылы қосылған және $AC > AB$, $CD = BD$ (3 – сурет). ACD бұрышы ABD бұрышынан кіші болатынын дәлелдеңіз.



4 – сурет

maxmath.kz